**Бекітемін:**
Шортанды №3 ЖОМ директоры
____________ А. Анесий
«_15_» ____09____ 2023ж

# Сөйлеу тілінің фонетико-фонематикалық жетілмеуі бойынша
# Коррекциялық- дамыту бағдарламасы

*1 А сынып IV-ші кіші топ*

Педагог-логопед: Э.К. Меирманова

| | Сабақтың тақырыбы | Жұмыс түрі | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **Қыркүйек** | | | | |
| 1<br><br>2 | Оқушылардың сөйлеу тілін тереңдеп зерттеу мақсатымен оқушыларды іріктеп алу. Анамнез жинау. Оқушылардың жалпы түсінігін тексеру. Сөйлеу мүшелерінің құрылысын қимыл-қозғалысын тексеру. Жалпы моторикасын тексеру. Қолдың ұсақ моторикасын тексеру. Фонематикалық есту қабілетін (дыбыстық талдау, жинақтау, ажырату, қабылдау) тексеру. Әр түрлі буындардан тұратын сөздерді айтуын тексеру. Дыбыс айтуын (жеке, буында, сөзде, сөз тіркесінде, сөйлемде, байланыстырып сөйлеуінде) тексеру. Сөздік қорын (енжар және белсенді сөз қоры) тексеру.<br>Сөздің грамматикалық құрылымын (сөйлем құрау дағдыларын, септік және жіктік жалғауларды қолдануын т.б.) тексеру. Байланыстырып сөйлеуін тексеру. | | 2<br><br>2 | |
| 3 | Дауысты дыбыстар. А дыбысы және әрпі. | Дауысты дыбыстар дыбыстар туралы түсіндіру, оларды дұрыс айтуға жаттықтыру, сөйлеу тынысын дамыту. Сюжетті сурет бойынша сөйлем құрастыру («Отбасы»).<br>А дыбысымен таныстыру. А дыбысына басталатын суреттен жемістерді табу. Сөздегі дыбыстың орнын анықтау. «Ғажайып қапшық» ойыны. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. | 2 | |
| 4 | Ә дыбысы және әрпі.<br><br>А – ә дыбыстарын ажырату. | Ә дыбысымен таныстыру. Ә дыбысын буында, сөзде, сөйлемде айтқызу, сөзге дыбыстық талдау жасау.Ә дыбысына басталатын адам аттарын айытқызу.<br>А-ә дыбыстарына сөз ойлау. «Дұрыс ажырат» ойыны. Сурет бойынша сөйлем құрастыру. Сөйлемдегі сөздердің орнын анықтау. «Бауырсақ» ертегісін үйрету. | 2 | |
| 5 | У дыбысы және әрпі.<br>И дыбысы және әрпі. | У дыбысымен таныстыру. У дыбысы бар сөздерді қайталау. Суреттерді атау. Жұмбақтар жасыру. Сурет бойынша сөйлем құрастыру.<br>И дыбысымен таныстыру. И дыбысын буында, сөзде, сөйлемде айтқызу. Адасқан сөздерден сөйлем құрастыру. Сурет бойынша сөйлем құрастыру. Әр сөйлемде неше сөз барын анықтау. | 2 | |
| | **Қазан** | | | |
| 6 | О дыбысы және әрпі.<br>Ө дыбысы және әрпі. | О дыбысымен таныстыру. О дыбысына сөз ойлау, сөйлем құрау. Буын, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтау. Сурет ішінен О дыбысы бар сөздерді табу, суретін салу.<br>Ө дыбысымен таныстыру. Ө дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау. Лото ойыны.Сөйлемді мазмұны бойынша толықтыру. | 2 | |
| 7 | Ө – о дыбыстарын ажырату.<br>Ы дыбысы және әрпі | О – ө дыбыстарын салыстыру. Жұмбақтар жасыру. Сурет бойынша сөйлем құрастыру.<br>Ы дыбысымен таныстыру. Ы дыбысы сөздің қай бөлігінде кездесетінің анықтау. Ы дыбысына сөз ойлау. Сөзге дыбыстық талдау жасау. Сөздерді үлгі бойынша өзгерту: оқу-оқушы, сату-сатушы... Мамандықтар туралы айытқызу. | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | І дыбысы және әрпі Ы – і дыбыстарын ажырату. | І дыбысымен таныстыру. І дыбысы бар сөздерді қайталау.Сөз соңындағы дыбысты анықтау. Қарама-қарсы сөздерді табу, атау.І дыбысы бар жануарлар мен құстарды суреттен тауып атау.<br>Ы – і дыбыстарын ажырату, осы дыбыстарға сөз ойлау. Сурет бойынша сөйлем құрастыру («Дүкенші»). Ы, і дыбысы бар сөздерді жеке айытқызу. | 2 | |
| 9 | Ұ дыбысы және әрпі.<br>Ү дыбысы және әрпі. | Ұ дыбысымен таныстыру. Жұмбақтар жасыру, ұ дыбысы сөздің қай жерінде орналасқанын табу. Сөйлемді ұ дыбысы бар сөзбен аяқтау.<br>Ү дыбысымен таныстыру. Сөздердегі бірінші дыбысты атау, Суреттен Ү дыбысы бар заттарды табу. Сөзге дыбыстық талдау жасау. Жұмбақтар шешу. | 2 | |
| 10 | Ұ – ү дыбыстарын ажырату.<br>Диктант. | Ү, ұ дыбыстарын салыстыру. Ұ дыбысымен сөзді Ү дыбысына өзгертіп айту: тұр-түр, тұз-түз, сұр, сүр т.б. Жаңылтпаштар үйрету. Диктант жазу. Қатемен жұмыс жасау. | 2 | |
| 11 | Дауыссыз дыбыстар.<br>Н дыбысы және әрпі. | Дауыссыз дыбыстардың айтылуын түсіндіру.<br>Н дыбысымен таныстыру. Н дыбысына сөз ойлау, сөздегі 1-ші және соңғы дыбысты анықтау. «Елім менің» тақырыбында әңгімелеу. | 2 | |
| 12 | ң дыбысы және әрпі.<br>Н – ң дыбыстарын ажырату. | Ң дыбысымен таныстыру. Ң дыбысы бар буын, сөз, сөйлемді дұрыс айытқызу, сөзге дыбыстық талдау жасау.Суреттен әңгіме құрастыру («Аңдар»).<br>Н-ң дыбыстарын салыстыру. Атауында н, ң дыбыстары бар суреттерді іріктеу. Н, ң дыбыстары бар сөздерді қатесіз айтуға үйрету. | 2 | |
| **Қараша** | | | | |
| 13 | К дыбысы және әрпі. | К дыбысымен таныстыру. К дыбысы бар сөздерді суреттер ішінен табу. Кө, Кү, Кі, Ки буындарымен сөздер ойлау. Суреттің орнына құрамында К дыбысы бар сөзбен аяқтау. | 1 | |
| 14 | Г дыбысы және әрпі. | Г дыбысымен таныстыру. Суреттен Г дыбысы бар сөздерді атау. Г дыбысының орнын тауып қою. Жұмбақтар жасыру. | 1 | |
| 15 | Қ дыбысы және әрпі. | Қ дыбысымен таныстыру, артикуляциясын анықтау. «Не қалай дауыстайды?» ойыны. Суреттерден Қ дыбысы бар жануарларды, құстар мен жәндіктерді атау. Қа, Қо, Қу буындарымен сөздер құрастыру. Сурет бойынша Қ дыбысымен сөйлем құрау. | 1 | |
| 16 | Ғ дыбысы және әрпі. | Ғ дыбысымен таныстыру. «Жоғалған дыбысты тап», «Мен бастайын, сен аяқта» ойындары. Буындарға Ға, Ғы буындарын қосып сөз құрастыру. | 1 | |
| 17 | К – г дыбыстары | К – г дыбыстарын ажырату, салыстыру. Сөздерді үлгі бойынша өзгерту: терек-терегі, шелек-шелегі, етек-етегі т.б. | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | н ажырату. | Қыздар есімдерін ойлау. Суреттен әңгіме құрастыру. | | |
| **Ж е л т о қ с а н** | | | | |
| 18 | К – қ дыбыстары н ажырату. | К – қ дыбыстарын салыстыру, ажырату. «Кімге не керек» ойыны. К, қ дыбыстары нешінші буында кездесетінің табу. Жоғалған дыбысты табу. Сөйлемдерді суреттің көмегімен аяқтау. Қарама-карсы сөздерді табу. Сурет бойынша К, Қ дыбысымен сөйлем құрау. «Шалқан» ертегісін үйрету. | 2 | |
| 19 | Г – ғ дыбыстары н ажырату. Диктант. | Г – ғ дыбыстарын ажырату, салыстыру. Буындарға ге, ға буындарын қосып сөз құрастыру.Қыздар есімдерін ойлау. Суреттен әңгіме құрастыру («Ғарыш»).<br>Диктант жазу. Қатемен жұмыс жасау. | 2 | |
| 20 | Б дыбысы және әрпі. | Б дыбысымен таныстыру. Б дыбысына сөз ойлау. Бірінші БА буынына басқа буындар қосып сөз ойлау. Сөздердегі жоғалған дыбыстарды табу. Жаңылтпаштар үйрету. Сюжетті сурет бойынша әңгімелеу. | 1 | |
| 21 | П дыбысы және әрпі. | П дыбысымен таныстыру. Құрамында П дыбысы бар көкөністерді табу. Суреттерді дұрыс атау. Жұмбақтар жасыру. | 1 | |
| 22 | Б – п дыбыстары н ажырату. | Б – п дыбыстарын ажырату, дыбыстарға сөз ойлау. Құрамында П,Б дыбысы саймандар мен жануарлар аттарын ойлау. Жұмбақтар жасыру. | 2 | |
| 23 | В дыбысы және әрпі. Ф дыбысы және әрпі. | В, Ф дыбыстарымен таныстыру. «Жел соғады», «Кімнің көбелегі алысқа ұшады» ойыны. В, Ф дыбыстары бар сөздерді сурет ішінен табу. В, Ф дыбыстары қай жерде тұрғанын анықтау. Көліктер атауын сұрау. | 1 | |
| **Қ а ң т а р** | | | | |
| 24 | В – ф дыбыстары н ажырату.<br><br>Диктант. | В – ф дыбыстарын ажырату, салыстыру. Жұмбақтар жасыру. Жаңылтпаштар үйрету. Суреттен сөйлем құрастыру («Спорт ойындары»).<br>Диктант жазу. Қатемен жұмыс жасау. | 2 | |
| 25 | Т дыбысы және әрпі. | Т дыбыстарына сөздер ойлау. Т дыбысы бар сөздерді суреттер ішінен табу. Жаңылтпаштарды тез, қатесіз айтуға үйрету. | 1 | |
| 26 | Д дыбысы және әрпі. | Д дыбысымен таныстыру. Д дыбысы бар сөздерді суреттер ішінен табу. Д дыбысына сөздер оқу, жазу. Сөзге дыбыстық талдау жасау. Мазмұнын айту. | 1 | |
| 2 | Т – д дыбыстары н ажырату. | Д – т дыбыстарын ажырату. Дыбыстарға сөздер ойлау. Т, д дыбыстары бар буындарды қосып сөз құрастыру. Жаңылтпаштарды тез, қатесіз айтуға үйрету. | 2 | |
| 28 | Х дыбысы және әрпі. Һ дыбысы және әрпі. | Х, Һ дыбыстарымен таныстыру. «Қолымызды қалай жылытамыз» ойыны. Суреттерді дұрыс атау. Х, Һ дыбыстарымен сөздер құрастыру, сөздерді буынға болу. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 29 | X – h дыбыстарын ажырату. Диктант. | X – h дыбыстарын ажырату. X, h дыбыстарымен сөздер құрастыру, сөздерді буынға болу. Жаңылтпаштарды тез, қатесіз айтуға үйрету. Жұмбақтар жасыру.Сурет бойынша әңгіме құрастыру. («Жиhаз»)<br>Диктант жазу. Қатемен жұмыс жасау. | 1 | |
| **А қ п а н** | | | | |
| 30 | С дыбысы және әрпі. | С дыбысымен таныстыру, артикуляциясын анықтау. «Насос» ойыны. Сөзді С дыбысымен аяқтау. С дыбысына сөз ойлау және сөйлем құрап жазу. Суреттен әңгіме құрастыру. Жаңылтпаштар үйрету. | 1 | |
| 31 | З дыбысы және әрпі. | З дыбысымен таныстыру, артикуляциясын анықтау. «Маса қалай ызындайды?» ойыны. «Жоғалған дыбысты тап, сөзді аяқта» ойыны. Суреттердің ішінен құрамында З дыбысы бар сөздерді атау, сөйлемдерді З дыбысы бар сөздермен аяқтау. | 1 | |
| 32 | Ж дыбысы және әрпі. | Ж дыбысымен таныстыру, артикуляциясын анықтау. Ж дыбыстары бар сөздерді сурет ішінен іріктеу. Ж дыбысы бар буындарды қосып сөз құрастыру. Суреттерді дұрыс атату. Жаңылтпаштарды жылдам, тез айытқызу. | 1 | |
| 33 | Ш дыбысы және әрпі. | Ш дыбысымен таныстыру, артикуляциясын анықтау. Ш дыбысымен буындар, сөздер ойлау. Суреттен Ш дыбысы бар сөздерді тауып, атау. Жаңылтпаштар үйрету. | 1 | |
| **Н а у р ы з** | | | | |
| 34 | Ц дыбысы және әрпі. | Ц дыбысымен таныстыру, артикуляциясын анықтау. Суреттегі сөздерді дұрыс атау. Суреттен әңгіме құрастыру («Циркте»). | 1 | |
| 35 | Щ дыбысы және әрпі. | Щ дыбысымен сөздер ойлау, сөздерді буынға бөлу. Жаңылтпаштар жаттау. | 1 | |
| 36 | Ч дыбысы және әрпі. | Ч дыбысымен таныстыру, артикуляцияларын анықтау. Ч дыбысымен сөздер ойлау, сөздерді буынға бөлу. Жаңылтпаштар жаттау. | 1 | |
| 37 | С – з дыбыстарын ажырату. | С – з дыбыстарын ажырату, салыстыру. С, з дыбыстарымен сөздер құрастыру, сөздерді буынға болу. Суреттердің ішінен құрамында с, з дыбыстары бар сөздерді атау, сөйлемдерді с,з дыбыстары бар сөздермен аяқтау. Жаңылтпаштарды жылдам, тез айытқызу. | 1 | |
| 38 | С – ц дыбыстарын ажырату. | С – ц дыбыстарын ажырату, салыстыру. Сөйлемде с, ц дыбыстары бар сөздерді қосып, сөйлемді дұрыс құрастыру С, ц дыбыстары бар сөйлемдерді қатесіз дұрыс оқуға үйрету. | 1 | |
| **С ә у і р** | | | | |
| 39 | С – ш дыбыстарын ажырату. | С – ш дыбыстарын ажырату, салыстыру. Сөйлемде С, Ш дыбыстары бар сөздерді қосып, сөйлемді дұрыс құрастыру. Сурет бойынша әңгімелеу («Қысқы ойындар»). | 1 | |
| 40 | Ж – з дыбыстарын ажырату. | Ж – з дыбыстарын ажырату, салыстыру. Жұмбақтар жасыру. Ж, З дыбыстары бар сөйлемдерді қатесіз дұрыс оқуға үйрету. Суреттен әңгіме құрастыру. | 1 | |
| 41 | Ш – ж дыбыстарын ажырату. | Ш – ж дыбыстарын ажырату, салыстыру. Осы дыбыстармен сөздер ойлау, сөз тіркестерін құрастыру. Сөйлемдерді сөзбен толықтыру. | 1 | |
| 42 | Ш – щ | Ш – щ дыбыстарын ажырату, салыстыру. Сөйлемде ш, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарын ажырату. | щ дыбыстары бар сөздерді қосып, сөйлемді дұрыс құрастыру. Сурет бойынша әңгімелеу («Күн тәртібім»). | | |
| 43 | Ч – щ дыбыстарын ажырату. Диктант | Ч – Щ дыбыстарын ажырату, салыстыру. Осы дыбыстармен сөздер ойлау, сөз тіркестерін құрастыру. Суреттен сөйлемдер құрау. Диктант жазу. Қатемен жұмыс жасау. | 1 | |
| 44 | Р дыбысы және әрпі. | Р дыбысымен таныстыру, артикуляциясын анықтау. Р дыбысы бар буындарды, сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Жоғалған дыбысты табу, сөздердің қай жерінде тұрғанын анықтау. Сөйлемдерді сөзбен толықтыру. | 1 | |
| **М а м ы р** | | | | |
| 45 | Л дыбысы және әрпі. | Л дыбысымен таныстыру, артикуляциясын анықтау. Буындарға ЛА буынық қосып сөз құрастыру. «Не жетіспейді» ойыны. Сөйлемдегі суретті сөзбен толықтыру. Сурет бойынша әңгімелеу. | 1 | |
| 46 | Р – л дыбыстарын ажырату. | Р – л дыбыстарын ажырату. Дыбыстарға сөз ойлау. Р, Л дыбысына жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату. | 1 | |
| 47 | Й дыбысы және әрпі. | Й дыбысымен таныстыру, артикуляциясын анықтау. Й дыбыстары бар сөздерді сурет ішінен іріктеу. Й дыбысы бар буындарды қосып сөз құрастыру. Суреттерді дұрыс атау. | 1 | |
| 48 | М дыбысы және әрпі | М дыбысымен таныстыру. М дыбысына сөз ойлау. Бірінші МА буынына басқа буындар қосып сөз ойлау. Сөздердегі жоғалған дыбыстарды табу. Жаңылтпаштар үйрету. Сюжетті сурет бойынша әңгімелеу. | 1 | |
| 49 | Дауысты, дауыссыз дыбыстар | Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы түсініктерін кеңейту. оларды дұрыс айтуға жаттықтыру, сөйлеу тынысын дамыту, артикуляциялық аппаратының қимыл-қозғалысын дамыту. | 1 | |
| 50 | Сюжетті сурет бойынша әңгіме құрау, мазмұндау. | Оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру. | 1 | |
| | Барлығы: | 68 сағат | | |